

**Шектеу іс-шараларын тоқтату және Әуликөл ауданы Тимофеев ауылы әкімінің 2023 жылғы 21 тамыздағы № 5 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

Қостанай облысы Әуликөл ауданы Тимофеев ауылы әкімінің 2024 жылғы 20 ақпандағы № 2 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-1-бабы 8) тармақшасына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Әуликөл аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2024 жылғы 14 ақпандағы № 01-22/64 ұсынысы негізінде ШЕШТІМ:

1. Қостанай облысы Әуликөл ауданы Тимофеев ауылының аумағында ұсақ мүйізді малдың бруцеллез ауруын жою бойынша кешенді ветеринариялық іс-шаралардың жүргізілуіне байланысты, белгіленген шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Әуликөл ауданы Тимофеев ауылы әкімінің 2023 жылғы 21 тамыздағы № 5 шешімінің "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 185438 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. "Тимофеев ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің қол қойылған күнінен бастап бес жұмыс күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің этанондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Әуликөл ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*А.Нсанбаев*

КЕЛІСІЛДІ:

"Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау министрлігі  
Санитариялық-эпидемиологиялық  
бақылау комитеті Қостанай  
облысының санитариялық-  
эпидемиологиялық бақылау  
департаменті Әуликөл  
аудандық санитариялық-  
эпидемиологиялық  
бақылау басқармасы"  
республикалық мемлекеттік  
мекемесінің басшысы

\_\_\_\_\_ Ж. Тургумбаев

2024 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы  
министрлігі Ветеринариялық  
бақылау және қадағалау  
комитетінің Әуликөл  
аудандық аумақтық  
инспекциясы" мемлекеттік  
мекемесі басшысы

\_\_\_\_\_ А. Тайшибаев

2024 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_